

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ**

Халықаралық гуманитарлық – техникалық университеті

Бакалавриат

ЭЛЕКТИВТІ ПӘНДЕР КАТАЛОГЫ

5B010800 - «Дене шынықтыру және спорт» мамандығы үшін

Шымкент 2017ж

Элективті пәндер каталогы. Бакалавриат.
Халықаралық гуманитарлық – техникалық университеті
Шымкент 2017ж., ____ бет.

Элективті пәндер каталогы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Жалпыға Міндетті Білім беру Стандарты және мамандықтың Типтік оқу жоспары негізінде құрастырылған.

Элективті пәндер каталогы Дене шынықтыру және спорт кафедрасының мәжілісінде талқыланып, мақұлданған.

Хаттама № ____ « ____ » ____ 2017ж

Кафедра меңгерушісі: _____ т.ғ.к., доц. Қонақбаев С.

Элективті пәндер каталогы Халықаралақ гуманитарлық – техникалық университетінің Оқу әдістемелік кеңесінде бекітілген.

Хаттама № ____ « ____ » ____ 2017ж.

Төрағасы _____

КІРІСПЕ

Оқытудың кредиттік технологиясының негізгі ерекшеліктерінің бірі – студенттің өзінің білімдік бағытын өзі таңдауға құқығы бар болуы. Бұл студенттің өз жеке оқу жоспарын (ЖОЖ) шығарушы кафедраның оқытушысы – эдвайзер (студенттің жетекшісі қызметін атқарушы және өзбетіншелік пен таңдамалық қағидаларын (принциптерін) есепке ала отырып, жеке оқу жоспарын қалыптастыруға кеңес беруші) көмегімен құрастыруы арқылы іске асырылады.

Сондай-ақ, бұл тұрғыда студент оқу пәнін өтуге үміткер оқытушыны да таңдауға құқы бар. Студенттің жеке оқу жоспары, жеке оқу жоспарды құрастырудың негізі болып табылатын мамандықтың типтік оқу жоспары секілді үш циклдан тұрады: жалпы білім, базалық және профильдік пәндер циклдарынан. Бұлардың әрқайсысы міндетті компоненттер мен таңдау бойынша компоненттерден (элективті пәндер) тұрады.

Жалпы білім пәндер циклы интеллектуалды, тұлғалық және әлеуметтік дамыған маманды дайындауды іске асырады. Базалық пәндер циклы болашақ маманның сәйкес мамандықтан фундаменталды білімін қалыптастыруға бағытталған. Профильдік пәндер циклы кәсіптік қызметтің нақты саласын меңгеруде арнайы білім, ілім, дағдылар тізбесін анықтайды.

Оқу жоспарындағы пәндер оқыту процесінің байланыстылығы үшін логикалық құрылуы қажет. Бұған пәндерді пререквизиттер (үйренетін пәнді меңгеруге қажетті білім, ілім және дағдылардың тізбесін құрайтын пәндер) мен постреквизиттерге (үйренетін пәннен қажетті білім, ілім және дағдылар тізбесін меңгерген соң оқылатын пәндер) бөлу арқылы қол жеткізіледі.

Мамандықтардың элективті пәндер каталогына (ЭПК) студенттің оқыту траекториясын икемді және өзбетінше анықтауға мүмкіндік туғызатын оқу жоспарындағы таңдау компоненті пәндері енгізіледі. Ол университеттің барлық мамандықтары үшін құрастырылған және барлық мамандандыруларды, салаларды және кәсіптік қызметтің түрлерін есепке алатын пәндердің мүмкін болған барлық спектрларын қамтиды. ЭПК-да пәндердің кредит көлемі берілген, пән бағдарламасының қысқаша мазмұны келтірілген, олардың пререквизиттері мен постреквизиттері және жалпы білім, базалық пен профильдік пәндер циклындағы пәндерді кодтаудың бірыңғай жүйесі сақтала отырып көрсетілген.

Оқу пәндерінің кодтары әріптік (екі немесе одан да көп латын алфавитінің әріптері) және сандық (төрт араб сандары) бөліктерден тұрады. Егер оқу пәнінің атауы бір сөзден құралса, онда кодтың әріптік бөлігі латын алфавитін пайдалана отырып, осы сөздің қазақ тіліндегі алғашқы үш әріпінен құралады, әрі бірінші әріпі бас әріп, қалғандары – кіші әріптер. Егер оқу пәнінің атауы екі немесе одан да көп сөзден құралса, онда кодтың әріптік бөлігі латын алфавитін пайдалана отырып, мағыналық күшін алып жүретін, әр сөздің қазақ тіліндегі бірінші бас әріптерінен құралады.

Кодтың сандық бөлігінде: бірінші сандық белгі пәннің оқылатын курсың білдіреді; екіншісі – осы оқу пәнінің қай циклға қатыстылығын көрсетеді (1 – жалпы білім беру циклы, 2 – базалық пәндер циклы, 3 – профильдік пәндер циклы); үшінші және төртінші сандар – осы пәннің мамандық циклы ауқымындағы реттік нөмірін бейнелейді.

Бұл тұрғыда, әр циклдағы таңдалған элективті пәндердің кредит саны, мамандықтың элективті пәндер таблицасы циклдарында көрсетілген кредит санынан кем болмауы тиіс.

Сондай-ақ, бұл ЭПК-да мамандықтардың типтік оқу жоспарларындағы міндетті пәндері, олардың коды, кредит көлемі және оқытылатын семестрі (академиялық кезеңі) көрсетіліп берілген. Бұлар студенттің жеке оқу жоспарына өзгеріссіз енгізілуі тиіс.

Студент эдвайзердің жетекшілігімен жеке оқу жоспарына таңдау (элективтік) пәндерін, өзге де барлық нәрселерден басқа, жеке қабілеттерін, даму перспективасын, қоғам мен өндірістің қажеттілігін ескере отырып енгізеді.

Студенттің жеке оқу жоспары қалыптастырылып болғаннан соң, оған студенттің өзі мен эдвайзер қол қояды, кафедра меңгерушісімен келісіледі және факультет деканы бекітеді.

МАЗМҰНЫ

5B010800 «Дене шынықтыру және спорт» мамандығының 2017 - 2018 оқу жылдарында өтілетін элективті пәндер тізімі

1. Мамандандыру бойынша білім беру бағыты № 1 Дене шынықтыру және спорт пәндері бойынша пәнді оқыту әдістері.

Модульдің атауы	Пәннің коды	Пән атауы	Пән циклы	Жалпы кредиттер		Семестр
				ECTS	KZ	
Адам анатомиясы және спорттық физиология	ASMN 1201	Анатомия, спорттық морфология негіздері	БП/ТК	5	3	2
	AF 2202	Адам физиологиясы (жалпы және жас)		5	3	3
	DTSTFN 4203	Дене тәрбиесі мен спорт түрлерінің физиологиялық негіздері		5	3	7
Спорт пәндерін оқыту әдістемесі	GZhAOA 2204	Гимнастика және жеңіл атлетика ны оқыту әдістемесі	БП/ТК	6	4	3
	KKOA 2205	Қазақ күресінің оқыту әдістемесі		5	3	7
	ZhOA 2206	Жүзу оқыту әдістемесі		5	3	5
	USKOOA 3207	Ұлттық спорт қозғалыс ойындары оқыту әдісімен		5	3	6
	BGOA 3208	Баскетбол, гандбол оқыту әдістемесі		5	3	5
	FVOA 3209	Футбол мен волейболды оқыту әдістемесі		5	3	6
	TOA 4210	Туризмді оқыту әдістемесі		5	3	7
Спорт пәндерінің педагогика және	TASTN 1311	Таңдап алынған спорт түрінің негіздері	БП/ТК	5	3	1
	TASTPSN 1312	Таңдап алынған спорт түріндегі педагогикалық шеберлік		5	3	4

психологиялық негіздері		негіздері				
	DShTOS 2214	Дене шынықтыру тарихы және олимпиадалық спорт		5	3	4
	TASTKFPD N3316	ТАСТ күштілік функциональдық және психологиялық дайындық негіздері		5	3	4

Мамандандыру бойынша білім беру бағыты № 2 Таңдап алынған спорт түрлері

Модульдің атауы	Пәннің коды	Пән атауы	Пән циклы	Жалпы кредиттер		Семестр
				ECTS	KZ	
Адам анатомиясы және спорттық физиология	SM 1201	Спорттық медицина	БП/ ТК	5	3	2
	BJSN 2202	Балалар мен жасөспірімдер спортының негізі		5	3	3
	DShSB 4203	Дене шынықтыру және спорт биохимиясы		5	3	7
Спорт пәндерін оқыту әдістемесі	DShBN 2204	Дене шынықтыру және басқару негіздері	БП/ ТК	6	4	3
	SA 2205	Спорттық акробатика		5	3	5
	KTA 2206	Күрестің теориясы мен әдістемесі		5	3	5
	RTA 3207	Ригбидің теориясы мен әдістемесі		5	3	6
	FEO 3208	Футбол ережелерін оқыту		5	3	7
	STTA 3209	Спорттық туризмнің теориясы мен әдістемесі		5	3	6
	SKDSh 4210	Спорт пен қолданбалы дене шынықтыру		5	3	7
Спорт пәндерінің педагогика және психологиялық негіздері	SM 1311	Спорттық метрология	БП/ ТК	5	3	1
	KS 1312	Кәсіптік спорт		5	3	4
	STOA 3313	Стол теннисінің оқыту әдістемесі		5	3	4
	JATA 3316	Жеңіл атлетиканың теориясы мен әдістемесі		5	3	4

Мамандандыру бойынша білім беру бағыты № 1 Дене шынықтыру және спорт пәндері бойынша пәнді оқыту әдістері

Модульдің атауы	Пәннің коды	Пән атауы	Пән циклы	Жалпы кредиттер		Семестр
				ECTS	KZ	
Таңдап алынған спорт түрлері	TASTTTDN 3303	Таңдап алынған спорт түрінің техникалық және тактикалық дайындық негіздері	БП/TK	5	3	3
	STTKZhKZh 3304	Спорттың таңдаған түрінен кәсіптік жаттықтырушылық қызметін жетілдіру		5	3	6
	TASTDZhE 4305	Таңдап алынған спорт түріндегі дайындық жас ерекшеліктері		5	3	7
	TASTSZhPB 4306	Таңдап алынған спорт түрінен спорттың жаттығу процесін басқару		5	3	6
Дене мәдениетінің негіздері	DMSZhYZh 2207	Дене мәдениеті саласындағы жаппай ұйымдастыру жұмыстары	БП/TK	5	3	5
	BTA 2208	Бокстың теориясы мен әдістемесі		5	3	6
	TASTOA 3309	Таңдап алынған спорт түрін оқыту әдістемесі		5	3	3
	AATA 2210	Ауыр атлетиканың теориясы мен әдістемесі		5	3	6
	Mas 4311	Массаж		5	3	7

Мамандандыру бойынша білім беру бағыты № 2 Таңдап алынған спорт түрлері

Модульдің атауы	Пәннің коды	Пән атауы	Пән циклы	Жалпы кредиттер		Семестр
				ECTS	KZ	
Таңдап алынған спорт түрлері	TASTBSChJ (b) 3303	Таңдап алынған спорт түрі бойынша спорттық шеберлігін жетілдіру (бокс)	БП/TK	5	3	3
	TASTBSChJ (k) 3304	Таңдап алынған спорт түрі бойынша спорттық шеберлігін жетілдіру (күрес)		5	3	6
	TASTBSChJ (f) 4305	Таңдап алынған спорт түрі бойынша спорттық шеберлігін жетілдіру (футбол)		5	3	7

	TSTBSJPB (b) 4306	Таңдаған спорт түрі бойынша спорттың жаттығу процесін басқару (бокс)		5	3	6
Дене мәдениетінің негіздері	TSTBSJPB (k) 2207	Таңдаған спорт түрі бойынша спорттың жаттығу процесін басқару (күрес)	БП/ ТК	5	3	5
	TSTBSJPB (f) 2208	Таңдаған спорт түрі бойынша спорттың жаттығу процесін басқару (футбол)		5	3	6
	TSTBJKDAJ (b) 3309	Таңдаған спорт түрі бойынша жаттықтырушының кәсіптік дайындық әдістерін жетілдіру (бокс)		5	3	3
	TSTBJKDAJ (k) 2210	Таңдаған спорт түрі бойынша жаттықтырушының кәсіптік дайындық әдістерін жетілдіру (күрес)		5	3	6
	TSTBJKDAJ (f) 4311	Таңдаған спорт түрі бойынша жаттықтырушының кәсіптік дайындық әдістерін жетілдіру (футбол)		5	3	7

Біліктілік шеңберінен шығатын базалық модульдер

Модульдің атауы	Пәннің коды	Пән атауы	Пән циклы	Кредит саны		Семестр
				ECTS	KZ	
Әлеуметтік саяси дамыту модулі	MEgKi 1213	"Мәңгілік Ел" жалпы Қазақстандық идеясы	БП/ ТК	4	2	3
	KAQOR 1213	Қазақстанның әлем қауымдастығындағы орны мен рөлі				
	DT 1214	Дінтану		4	2	4
	OOT 1214	Өзін-өзі тану				
	SZhKMN 2215	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері		4	2	6
	SJJKBTA 2215	Сыбайлас жемқорлықпен жасалған қылмыстық құқық бұзушылықты тергеу әдістемесі				

Пәндердің қысқаша мазмұны

MEZhKI 1213 «Мәңгілік Ел» жалпы Қазақстандық идеясы 2 кредит

Курстың мақсаты: Қазақ елінің ұлттық құндылықтары мен қазақ елі тұрмысымен таныстыру, Қазақ елі ұрпақтан ұрпаққа жалғасатын өмірлік ұстанымдарын тарату, жастардың азаматтық белсенділігі мен ұлттық сана-сезім қалыптастыру.

Курстың міндеті: Қазақстан ЖОО-да «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясын жүзеге асырудағы басты мәселелерге қатысты өзіндік көзқарастарын білдіріп оны шешу жолдары бойынша нақты ұсыныстар беру.

Құзіреттілігі: қарастырылып отырған мәселені нақты және дәйекті түрде көрсете білу, практикалық маңыздылықтың, тұжырымдардың және ұсыныстардың міндетті түрде болуы. Қазіргі адам санасының ажырамас бөлігі ретіндегі ұлттық компонентті дамыту контекстінде жоғарғы педагогикалық білім беруді жетілдірудегі орындалып жатқан жобалары, құрастырылған тұжырымдамалары жайлы ақпараттың болуы құпталады.

Пререквизиттер: Әлеуметтану, Қазақстан тарихы, Қазақстанның қазіргі заман тарихы, Мәдениет тарихы, Дін тарихы, Түркі халықтарының тарихы.

Постреквизиттер: Саясаттану, Көшпенділердің рухани мәдениетінің ерекшеліктері мен Н.Назарбаевтың еңбектері.

Пәннің қысқаша мазмұны: «Мәңгілік Ел» ұлттық саясат пен ұлттық идея. «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы тұжырымдамасы контекстіндегі болашақ мамандардың ұлттық тәрбиесі. Бірегей Қазақстан халықтары мен қазақ ұлтының менталитеті и ментальдығы. Қазақ елі ұлттық идеясының қалыптасуы және оның даму тарихы. Қазақтың ұлттық мәдениеті және оның болашақ маманның ұлттық сана-сезімін қалыптастырудағы ролі. Ұлттық тіл ұлттық сана-сезімнің тірегі ретінде. Ұлттық бала тәрбиелеу жүйесі ұлттық педагогиканың этикалық негізі. Дін қазақ халқының ұлттық мәдениетінің құрамдас бөлігі ретінде және оның халықтың ұлттық санасын қалыптастырудағы ролі. Ұлтаралық қарым-қатынас мәдениеті. Жастардың салауатты өмір салты – саламатты қазақ жастарының негізі. Болашақ мамандардың зияткерлік әлеуетін дамыту ұлт бәсекелестігінің негізі.

Бағдарламаның жетекшісі: Байтұр М.

DT 2214 Дінтану 1 кредит

Пәннің мақсаты: діннің мәдениеттегі орны мен жалпы ұғымдарын қалыптастыру, діни дәстүрлердің құрылымын анықтауға үйрету; діни наным-сенімдерге салыстырмалы талдау жасауға үйрету; қазіргі заманғы діни (жаңа) ағымдар мақсаттарын тани білуге үйрету; олардың белсенді азаматтық көзқарастарын қалыптастыру.

Пәннің міндеті: Студенттерді жақсы өмір мен прогреске адалдық пен шынайы адамгершілікке жеткізу үшін әрбәр адамға тиісінше ғылыми тұрғыда білім мен тәрбие беру керек. Бұл тұрғыда дінтану пәнінің алатын орны зор.Әлем діндер тарихы пәні студенттерді имандылыққа, бейбітшілік пен парасаттылыққа баулиды. Дін адамның рухани өміріне бірінші кезекте имандылығына әсер етеді.

Құзіреттілігі: Студенттерді жақсы өмір мен прогреске адалдық пен шынайы адамгершілікке жеткізу үшін әрбәр адамға тиісінше ғылыми тұрғыда білім мен тәрбие беру

керек. Бұл тұрғыда дінтану пәнінің алатын орны зор. Әлем діндер тарихы пәні студенттерді имандылыққа, бейбітшілік пен парасаттылыққа баулиды. Дін адамның рухани өміріне бірінші кезекте имандылығына әсер етеді.

Пререквизиттер: философия, мәдениеттану, әлемдік тарих, психология, әлеуметтану, Қазақстан тарихы, саясаттану, құқық негіздері.

Постреквизиттер: дін тарихы, дін әлеуметтануы, дін психологиясы, діни этика, дін феноменологиясы, діни философиясы, ислам тарихы

Қысқаша мазмұны: діннің қоғамдағы мәдени құбылыс ретіндегі тарихын зерделеу. Діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу жұмыстары. ҚР заңдылықтарымен шектеу қойылған діни ағымдар мен секталар қызметімен таныстыру. Шығыстық дәстүрлі емес, исламдық және христиан діни ағымдарын анықтау және олардан сақтану әдістері.

Бағдарламаның жетекшісі: магистр, оқытушы Сабирова А.

SJKMN2118 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері 2 кредит

Курстың мақсаты: Сыбайлас жемқорлық (коррупция) мәні туралы және оның пайда болуы туралы білімдерін қалыптастыру, коррупцияға қарсы күрес саласындағы қабылданған заңдарды білуі, күнделікті өмірде адамгершілік сана құндылықтарын жүзеге асыру жолдарын меңгеру мен адамгершілік және құқықтық мәдениет деңгейін ұдайы көтеріп отыруға дағдыландыру

Курстың міндеті:

- жемқорлық әрекеттеріне әсер ететін факторлар, жемқорлық көріністері туралы жалпы кешенді білімдер;

- сыбайлас жемқорлық саласындағы құқықтық мәдениетті қалыптастыру;

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы біліктермен, білімдермен қаруландыру;

- күнделікті және білім алу қызметі кезінде, жемқорлық көріністерін қабылдаудағы сыншыл көз қараспен талдау.

Құзіреттілігі: Пәннің оқыту барысында студенттерге негізгі білімдер беру, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері саласында ғылыми ізденіс жұмыстарын жүргізуге үйрету нәтижесін меңгеруі қажет.

Пререквизиттер: сыбайлас жемқорлық туралы заң, психология, мәдениеттану, экономикалық теория негіздері, Қазақстан тарихы

Постреквизиттер: сыбайлас жемқорлыққа қарсы құқықтық саясат, сыбайлас жемқорлық және мемлекет, сыбайлас жемқорлық мәнез-құлықтың психологиялы тетіктері, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мен мемлекеттік қызмет стандарттарының жетілдіруі.

Қысқаша мазмұны: «Сыбайлас жемқорлық» ұғымының теориялық-методологиялық негіздері. Қазақстан қоғамындағы коррупция қарсы күресте әлеуметтік-экономикалық қарым-қатынастарды жетілдіру шарттары. Коррупциялық іс-әрекеттің психологиялық ерекшеліктері. Жастар арасында коррупцияға қарсы күресті қалыптастыру. Коррупциялық іс-әрекеттер үшін құқықтық жауапкершілік. Өртүрлі қызмет саласындағы коррупциялық іс-әрекет үшін моральдық-этикалық жауапкершілік. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қоғамдағы күрестегі діни нормалар мен құндылықтар.

Бағдарлама жетекшісі: з.ғ.к. Жаналиева А.Ж.

TASTN 1301 Таңдап алынған спорт түрінің негіздері

3 кредит

Пәннің мақсаты: ТАСТ негіздері сабағы білім беру, тәрбиелік және сауықтыру міндеттерін шешуді қарастырады;

Әртүрлі жастағы адамдармен, спорт шылармен студенттермен дене тәрбиесі және спорт бағытында жұмыс кезінде денеге берілетін жүктемесінің мөлшерін, көлемін қайталау ретін білуге үйрету. ТАСТ негіздері терминалогиясын меңгеру

Пәннің міндеті: Дене тәрбиесі және спорт мамандығы бойынша білім алатын студенттер ЖОО- ғы ұстаз жаттықтырушының кредиттік жүйе бойынша оқыту ерекшеліктерін меңгеруі, шеберлігі жоғары спортшы дайындау жолдарын білуге үйрету. Сапта тұрып және жүріп жасалатын жаттығуларды, қолданбалы жаттығуларды, сондай сияқты құралдармен орындалатын жаттығуларды өткізуде біліммен практикалық шеберліктерге қол жеткізу .

Қүзіреттілігі: ТАСТ негіздері жаттығуларды оқыту әдістемесін, сабақты ұйымдастыру тәсілдерін, студенттердің мамандырылған педагогикалық қызметіне қажетті шеберліктер мен тағдырларды меңгеру.

Шұғылданушының моральдік және эстетикалық сапаларын тәрбиелеу

Пререквизиттер: Таңдап алған спорт түрін оқыту әдістемесі, Таңдап алған спорт түрінің техникалық және тактикалық негіздері, Таңдап алған спорт түріне күштілік функционалдық психологиялық дайындық негіздері.

Постреквизиттер: Спорттық морфология, Дене шынықтыру мен спорт педагогикасы психологиясы, Олимпиадалық білім, Ұлттық спорт түрлері.

Қысқаша мазмұны: ТАСТ негіздері пәнінің мақсаты студенттерге дене тәрбиесі жүйесіндегі орны мен мәні туралы ТАСТ негіздері жаттығулардың техникасын оқыту әдістемесі негіздері туралы білім беру. ТАСТ негіздері пәнінің мақсатына сай студенттерге нақты білім беру, тәрбиелік және дене шынықтыру, сауықтыру қарастырады. Пәннің мақсаты дайындалатын мамандары теориялық біліммен қаруландыру және практикалық іскерлігін арттыру. ТАСТ негіздері пәні міндеттері шешетін педагогикалық біліктілікті қалыптастыру керек. Дене қозғалысының әр түрлі буындарында алғашқы жаттығу мен оқыту. Түрлі мекемелерде көпшілік спорт жұмыстары және дене шынықтыру – сауықтыру мақсатында жұмыстар ұйымдастыру ізгі және педагогикалық сенімге тәрбиелеу, олардың әрі қарай кәсіптік бағытын қамтамасыз ететін творчестволық қабілетін дамыту.

Бағдарламаның жетекшісі: магистр, оқытушы Сапахов Д.

ASMN 1201 Анатомия, спорттық морфология негіздері

3 кредит

Пәннің мақсаты: Студенттерге адам ағзасының қалыптасуындағы әлеуметтік биологиялық факторлардың маңызы және адам анатомиясының зерттелетін әдістерін үйрету.

Студенттерге «Анатомия, спорттық морфология негіздері» пәнін оқыту, үйрету арқылы, адам дене құрылысындағы жеке мүшелердің іс-қимылдары және құрылысындағы симметриялық бірліктердің мәнін үйрету.. Әртүрлі жастағы адамдармен, спортшылармен студенттермен дене тәрбиесі және спорт бағытында жұмыс кезінде денеге берілетін жүктемесінің мөлшерін, көлемін қайталау ретін білуге үйрету.

Пәннің міндеті: Адам анатомиясы жаратылыстану ғылымдараның ішіндегі үлкен бір саласы болып саналады. Адам анатомиясы адам денесінің жалпы құрылысын және мүшелері

мен оның жүйелерінің құрылысын тіршілігі мен тарихи даму қызметіне байланысты тексереді. Өйткені, адамның әрбір мүшесінәң құрылысы оның қызметіне тығыз байланысты.

Қүзіреттілігі: Анатомия, спорттық морфология негіздері пәнінде салауатты-өмір салтын қалыптастыру және дене қасиеттерін күш, күш-жылдамдық, жылдамдық, төзімділік, ептілік, иілгіштік дамыту жаттығуларын меңгерту.

Пререквизиттер: Анатомия ғылым, әрі дәрістендіру пәні ретінде адамның дене құрылысын оқып үйрену үшін биология, антропология, физика, экология, т.б. жануарлардың өсімдіктердің өсіп дамуы, өмірге бейімделу жеке және тарихи даму процесіндегі атқаратын қызмет білімдерге байланысты

Постреквизиттер: Анатомия ғылым, әрі дәрістендіру пәні ретінде адамның дене құрылысын оқып үйрену үшін биология, антропология, физика, экология, т.б. жануарлардың және тарихи даму процесіндегі атқаратын қызмет білімдерге байланысты

Қысқаша мазмұны:

Анатомия - ғылым әрі оқыту пәні. Анатомияның мазмұны және оның биология ғылымдарының ішінде алатын орны. Анатомияның міндеттері және медициналық - биологиялық және спорттық-педагогикалық пәндермен байланысы. Анатомияның әдістемелік негіздері. Адам организмнің қалыптасуындағы әлеуметтік биологиялық факторлардың маңызы. Анатомиядағы зерттеулердің әдісі. Адамның дене құрылысындағы симметриялық бірліктердің мәні, азықтары. Организм және оның құрамдық компоненттері. Мүшел, мүшелер аппаратының немесе жүйелерінің компоненттері. Мүшелер аппараты пен жүйелердің таратудың негізгі принциптері. Қозғалыстарды атқару, реттеу және қамтамасыз ету мүшелері, аппараттары, жүйелері.

Бағдарламаның жетекшісі: магистр, оқытушы Қуатбекова А.

GZhAOA 2205 Гимнастика және жеңіл атлетиканы оқыту әдістемесі

4 кредит

Пәннің мақсаты: Дене шынықтыру мен дене тәрбиесі мұғалімі ретінде тәрбиелік, білімділік және сауықтыру жұмыстарымен байланысты; Жаттықтырушы ретінде спорт түрлері бойынша мектепке дейінгі және мектептегі оқу мекемелерінде секция жұмыстаыр ұйымдастырумен; жаттықтыру процесін ғылыми тұрғыдан негізделген әдіс тәсілдермен қамтамасыз етумен; спорттық дайындықты тиімді басқару және түрлі біліктілік дәрежесіндегі спортшылардың нәтижелерімен байланысты; Ұйымдастыру қызметі дене шынықтыру мен спорт бойынша оқу орындарында, басқа мекемелерде, клубтарда спорттық мерекелік шараларды өткізумен және жарыстарға төрешілік жасаумен байланысты.

Пәннің міндеті: Спорттық практикалық жаттығуларының қозғалғыштық әрекеттер тактикасын, техникасын оқытудың педагогикалық технологияларын және гимнастика мен жеңіл атлетикадағы дене қасиеттерінің дамуын меңгеру; Спорттық жетістіктер дәрежесін көтеруге қабілетті техникo-тактикалық әрекеттерді оқытудың кәсіби маңызды жүйесін игеру. Гимнастика мен жеңіл атлетикадағы жаттығу үдерісін жоспарлау бойынша білім мен дағдыларды меңгеру. Гимнастика мен жеңіл атлетикадағы жарысу тәртібі жәгне оларды өткізу бойынша құзыреттілікті иелену.

Қүзіреттілігі: жалпы интеллектуалды біліктіліктерді меңгеру (гностикалық, жобалық, конструктивті, қатынастық, ұйымдастырушылық);

- білім беру отбасы, дін, спорт, әлеуметтік қатынаста, тұтынушы, жұмыскер, меншік иесі ретінде әлеуметтану мәселелерінде құзырлы болу;

- дене шынықтыру және спорттың көпшілік түрлерін оқытуда білім берудің барлық құрылымдық сатыларындағы әдістемесін меңгеру;

дене жүктемелеріне төзімділіктің физиологиялық және дәрігерлік бақылау әдістерін, қалпына келтіру құралдарын білу, оларды оқушылардың дене тәрбиесі мен спортында қолдана білу;

Пререквизиттер: студенттерде мамандық пәнін оқу үшін студентке Жеңіл атлетика оқыту әдістемесі, Гимнастика оқыту әдістемесі білімі болуы қажет.

Постреквизиттер: Спорттық морфология, Дене шынықтыру спорт педагогикасы және психологиясы, Олимпиадалық білім, Ұлттық спорт түрлері.

Қысқаша мазмұны: Гимнастикадағы дене дайындығы мақсаттары мен міндеттері дене дайындығының мазмұны мен құрылымы жән еоның компонентері, гимнашылардын дене сапаларының негізі, олардын дене қабілеттерін жетілдірудің шарттары және оның әдістемесіне қойылатын талаптар. Дене сапаларының ерекшеліктері. Ақпарттармен (оқу, анықтамалық, ғылыми) өзіндік жұмыс жасай білу.

Бағдарламаның жетекшісі: аға оқытушы Қалмұрзаев Қ.

TASTTTDN 3305 Таңдап алынған спорт түрінен техникалық және тактикалық дайындық негіздері

3 кредит

Пәннің мақсаты: Дене тәрбиесі пәні мұғалімдеріне мектептегі жеңіл атлетика түрлерінің оқу әдістемесі және сол тапсырмаларды орындау үшін қолданылатын құралдар негізі бойынша білім беру. Жергілікті халықтардың салауатты өмір салтын қалыптастыру үшін мектептегі жеңіл атлетика түрлерін оқыту әдістемесін меңгеру.

Бағдарлама материалын меңгеру үшін дәріс, әдістемелік және тәжірибелік сабақтар жүргізіледі. Ал өз бетінше сабақтың дайындық бөлімін өткізу үшін кешенді жаттығу құру және жазу қалпында жұмыстар өтеді.

Дәрісте студенттерге мектептегі жеңіл атлетика түрлерінің негізгі тәсілері мен жарыс төрешілігі туралқы негізгі мағлұмат беріледі. Әдістемелік сабақтарда мектептегі жеңіл атлетиканы меңгерудегі негізгі білімін біліктілігі мен дағдылыларын бақылау жүзеге асырылады.

Практикалық сабақтарда мектептегі жеңіл атлетика түрлернің тәсілдері мен оқыту әдістемесі жетілдіріледі.

Студенттердің үлгерімі бақылау әдісімен есептелінеді.

Тәжірибелік білімі үшін, үйренген әдіс – тәсілін меңгергені үшін мектептегі жеңіл атлетика бойынша қойылған өлшемдердің орындалуын бақылағаны үшін емтихан бағасы қойылады.

Пәннің міндеті: Жеке тұлғаның дене шынықтыруды қалыптастыру әдістеріне, құралдарына, негізгі принциптеріне, міндеттеріне, мақсаттарына оқытудағы жаңа тәсілдерге, дене қасиеттерін қалыптастыру және қимыл-қозғалыс іс-әрекеттеріне оқыту әдістемесі мен мазмұнының басты аспектілеріне, дене жаттығу сабақтарын құру түрлеріне, жоспарлауға, бақылауға, және есеп жүргізуге сипаттама беру.

Қүзіреттілігі: Дене шынықтыру мен спорттың ертедегі кезеңдерінен бүгінгі уақытқа дейінгі даму эволюциясын қарастыру. Дене шынықтыру мен спорт тарихы ұлттық дене интернационалдық қызығушылықтардың дұрыс үйлесуін қарастыра білу.

Пререквизиттер: Педагогика, Анатомия, Физиология, ДШ және С теориясы мен әдістемесі.

Постреквизиттер: Дене шынықтыру және спорттың теориясы мен әдістемесі, Спорттық биомеханика, Спорттық құрал-жабдықтар, Спорттық физиология, Спорттық медицина, Спорт гигиенасын, Емдік дене шынықтыру және Дене шынықтыру мен спорттың теориясы мен методикасы.

Қысқаша мазмұны: Дене тәрбиесі және спорт мамандығы бойынша білім алатын студенттер ЖОО ұстаз-жаттықтырушының кредиттік жүйе бойынша оқыту ерекшеліктерін меңгеру, шеберлігі жоғары спортшы дайындау меңгеру. Дене тәрбиесі және спортпен шұғылданушы адамдармен, шеберліктері жоғары спортшылармен жұмыс кезінде үйрету әдіс-тәсілдерінің неғұрлым жолдарының жобалай білуге, сапасын анықтау үшін тексерудің жолдарын білуге үйрету.

Бағдарламаның жетекшісі: доцент Қуанышов С.

TASTOA 3303 Таңдап алынған спорт түрін оқыту әдістемесі

3 кредит

Пәннің мақсаты: Таңдап алынған спорт түрін оқыту әдістемесі сабағы білім беру, тәрбиелік және сауықтыру міндеттерін шешуді қарастырады;

Әртүрлі жастағы адамдармен, спортшылармен студенттермен дене тәрбиесі және спорт бағытында жұмыс кезінде денеге берілетін жүктемесінің мөлшерін, көлемін қайталау ретін білуге үйрету. Таңдап алынған спорт түрін оқыту әдістемесі терминалогиясын меңгеру

Пәннің міндеті:

Дене тәрбиесі және спорт мамандығы бойынша білім алатын студенттер ЖОО-ғы ұстаз жаттықтырушының кредиттік жүйе бойынша оқыту ерекшеліктерін меңгеруі, шеберлігі жоғары спортшы дайындау жолдарын білуге үйрету. Сапта тұрып және жүріп жасалатын жаттығуларды, қолданбалы жаттығуларды, сондай сияқты құралдармен орындалатын жаттығуларды өткізуде біліммен практикалық шеберліктерге қол жеткізу

Қүзіреттілігі:

- Таңдап алынған спорт түрін оқыту әдістемесі жаттығуларды оқыту әдістемесін, сабақты ұйымдастыру тәсілдерін, студенттердің мамандырылған педагогикалық қызметіне қажетті шеберліктер мен тағдырларды меңгеру.

Шұғылданушының моральдік және эстетикалық сапаларын тәрбиелеу.

Пререквизиттер: «Таңдап алынған спорт түрі оқыту әдістемесі» пәнін оқып үйренуге «ТАСТ теориясы мен әдістемесі», «Таңдап алынған спорт түрлерінің техникалық тактикалық дайындық негіздері», «Таңдап алынған спорт түрінен күштілік функционалдық және дайындық негіздері», «Дене шынықтыру мен спорт биохимиясы».

Постреквизиттер: «Таңдап алынған спорт түрі оқыту әдістемесі» пәнін оқып үйрену барысындағы қосалқы пәндер “Спорттың таңдаған түрінен спорттық жаттығу процесін басқару”, “Спорттық морфология”, “Дене шынықтырумен спорт педагогикасы психологиясы”, “Дене шынықтыру мен спорт экономикасы”, “Олимпиядалық білім”, “Ұлттық спорт түрлері”, “балалар мен жас өспірімдер спорт ының негіздері”, “Мектеп гигиенасына негізделген дене шынықтыру гигиенасы”.

Қысқаша мазмұны: Таңдап алынған спорт түрін оқыту әдістемесі пәнінің мақсаты студенттерге дене тәрбиесі жүйесіндегі орны мен мәні туралы Таңдап алынған спорт түрін

оқыту әдістемесі жаттығулардың техникасын оқыту әдістемесі негіздері туралы білім беру. Таңдап алынған спорт түрін оқыту әдістемесі пәнінің мақсатына сай студенттерге нақты білім беру, тәрбиелік және дене шынықтыру, сауықтыру қарастырады. Пәннің мақсаты дайындалатын мамандары теориялық біліммен қаруландыру және практикалық іскерлігін арттыру. Таңдап алынған спорт түрін оқыту әдістемесі пәні міндеттері шешетін педагогикалық біліктілікті қалыптастыру керек. Дене қозғалысының әр түрлі буындарында алғашқы жаттығу мен оқыту. Түрлі мекемелерде көпшілік спорт жұмыстары және дене шынықтыру – сауықтыру мақсатында жұмыстар ұйымдастыру ізгі және педагогикалық сенімге тәрбиелеу, олардың әрі қарай кәсіптік бағытын қамтамасыз ететін творчестволық қабілетін дамыту.

Бағдарламаның жетекшісі: аға оқытушы Жаңбыров Б.

TASTPSN 1302 Таңдап алынған спорт түріндегі педагогикалық шеберлік негіздері 3 кредит

Пәннің мақсаты: Таңдап алынған спорт түріндегі спорттық педагогикалық шеберлік негіздері кәсіптік арттыруға қажетті педагогикалық, ұйымдастырушылық іскерлікті артыру. Ұғымдары анықтамасы дене сапаларын дамыту мен қызметі дайындықтары оңтайландыруға арналған әдістермен тәсілдері. Тестілеу даму динамикасын бағалау. Төзімділікті арттырудағы дене дайындығының қызметтік ролі. Бақылау, бағалау, реттеу

Пәннің міндеті: Дене сапаларын дамыту мен қызметтік дайындықты оңтайландыруға арналған әдістер мен тәсілдер. Дайындықтың психологиялық ерекшеліктері. Психологиялық күйлер, эмоция және реттеу. Ұжымдағы өзара қатынас. Этикалық нормалар. Бақылау мен реттеу әдістері. таңдап алынған спорт түрінен әдіс-тәсілдерін меңгеру шеберлігін арттыру.

Күзиреттілігі: Таңдап алынған спорт түріндегі спорттық педагогикалық шеберлік негіздері» курсы толық бітіріп шыққан студент спорт түрлерінің маманданған салаларын түсіне білуі, ерекшеліктері, әдіс-тәсілдер шеберлігін арттырудағы ролін білуі қажет.

Пререквизиттер: Таңдап алынған спорт түріндегі спорттық педагогикалық шеберлік негіздері пәнін оқып үйренуге «Спорттық морфологияға негізделген анатомия», «Мамандану», «Дене шынықтырудың спорт биохимиясы» пәндері тиімді ықпал етеді.

Постреквизиттер: Таңдап алынған спорт түріндегі спорттық педагогикалық шеберлік негіздері пәнін оқып үйрену барысындағы қосалқы пәндер «Спорттық морфологияға негізделген анатомия», Дене шынықтыру мен спорт педагогикасы мен психология», «Дене шынықтыру мен спорт экономикасы», «Олимпиадалық білім», «Емдік және бейімдеу дене шынықтыру», «Ұлттық спорт түрлері», «Балалар мен жасөспірімдер спортының негіздері», «Мектеп гигиенасына негізделген дене шынықтыру гигиенасы».

Қысқаша мазмұны: Дене мәдениеті және спорт бойынша әртүрлі құрылымдық мекемелерге студенттерді волейболдағы кәсіби-педагогикалық жаттықтырушылық және ұйымдастыру жұмыстарына дайындау.

- спорттық машыктанудың ішімі, әдістемесі және тәжірибесі бойынша білім беру;
- волейболды оқыту әдістемесінде және волейбол ойынының техникалық элементтерін ұғымды орындауда дағдылар мен біліктілікті қалыптастыру;
- қауіпсіздік техникасының ережелерімен және спорттық кұрышыстарды, спортшының сыртқы пішіні мен спорттың киімін ұқыпты ұстаудың гигиеналық нормаларымен таныстыру және оларды орындауда дағдыны қалыптастыру;

- әртүрлі ойын жүйесі мен ойын сәттері кезінде, ойыншылардың аландағы тактикалық өзара әрекеттестігіне байланысты (бойынша) дағдыны калыптастыру және білім беру;

- оқу-жаттығу үрдісін ұйымдастыру және жоспарлау бойынша біліктілікті калыптастыру;

- студенттерді әртүрлі жастағы топтармен жұмыс істеуге ауызша және тәжірбие жүзінде дайындау;

спорттың дайындықты басқару, бақылаудың әдістемелік негіздері және ғылыми-зерттеу жұмыстары бойынша дағдышарын қалыптастыру.

Бағдарламаның жетекшісі: тар.ғ.к., доцент Қонақбаев С.Н.

DSHТOS 2206 Дене шынықтыру тарихы және олимпиадалық спорт

3 кредит

Пәннің мақсаты: Дене шынықтырудың жалпы және ерекшелік қызметтері, дене шынықтырудың қоғамдағы әр түрлілігі мен құрылымы, дене тәрбиесі негізгі жақтарының мақсатқа бағытталуы; спорттың мәні, оның қызметі, түрлері, қоғамдағы қызмет ету жағдайлары, даму бағыты, спорттық дайындық және жастар жүйесінің негіздері, спортшыларды көпжылдық дайындаудың негізгі сатылары мен кезеңдері;

Пәннің міндеті: Дене шынықтыру және спорт тарихы қоғам өмір сүруінің әртүрлі кезеңдеріндегі дене тәрбиесі саласындағы құралдар, түрлері мен әдістердің, идеялар мен теориялардың пайда болуы мен спортты бүкіл адамдардың мәдениеті, тәрбиесі мен білімінің құрамдас бөлігі ретінде, оларды өндірістік және әскери қызметке дайындау ретінде қарастырады. Тарих дене шынықтыру мен спорттың ертедегі кезеңдерден бүгінгі уақытқа дейінгі даму эволюциясын қарастырып келеді.

